Г. А. Абаева, А. Д. Рыжкова

# ГЕОГРАФИЯ

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған
арнайы мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына
арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2023

**ӘОЖ 376**
**КБЖ 74.3**
**А12**

7-сыныптағы «География» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешенге арналған әдістемелік құрал зерде бұзылыстары бар білім алушыларды оқытудың педагогикалық үдерісін ұйымдастыруда мұғалімге көмек көрсету мақсатында құрастырылған.

Әдістемелік құралды арнайы білім беру мектебінде, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайындағы жалпы білім беретін мектепте де зерде бұзылыстары бар оқушыларды оқытуды ұйымдастыруда қолдануға болады.

**Абаева Г. А. т.б.**
**А12** **География**. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына арналған әдістемелік құрал / Г. А. Абаева, А. Д. Рыжкова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2023. – 80 б.

ISBN 978-601-347-535-6 ӘОЖ 376
КБЖ 74.3

**ISBN 978-601-347-535-6**
© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2023

# КІРІСПЕ

7-сыныпқа арналған «География» оқу-әдістемелік кешені (оқулық, кескін карталы атлас, мұғалімге арналған әдістемелік құрал) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін жаңартылған мазмұндағы «География» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу жоспары мен Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген.

ОӘК мазмұны жалпы және арнайы педагогика қағидаттарына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері:

- оқытудың түзету-дамыту және әлеуметтік-бейімдеу бағытын;
- әр білім алушы үшін әрекеттік, сараланған және жеке тәсілдерін іске асыруға бағытталған.

«География» оқу пәнінің мақсаты оқушыларда қолжетімді географиялық ұғымдар мен оларды күнделікті қызметте пайдалану дағдыларын қалыптастыру болып табылады. География патриоттық, халықаралық, эстетикалық және экологиялық тәрбиеге арналған үлкен материал береді. Сондай-ақ, географиялық материал жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету мүмкіндігіне ие.

Негізгі міндеттері:

1) білім алушыларда айналадағы әлемнің табиғи нысандары мен аумақтық айырмашылықтары туралы қарапайым мәліметтерді қалыптастыру;

2) табиғи құбылыстар арасындағы; адам мен табиғат арасындағы байланысты түсіндіру;

3) табиғатқа диалектикалық, ғылыми көзқарастар қалыптастыру;

4) табиғат пен табиғи құбылыстарды жүйелі бақылау арқылы оқушылардың жеке тәжірибесін байыту;

5) білім алушылардың табиғатты қорғау санасын тәрбиелеу;

6) көрнекі-бейнелі және сөздік-логикалық ойлау элементтерін дамытуға ықпал ету, сөздік қорын кеңейту, білім алушылардың үйлесімді сөйлеуін дамыту.

Оқулық географияны оқыту мақсаттарына толық жауап береді, оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Ұсынылған материал мұғалімге сабақта оқушылардың әртүрлі оқу және танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға, оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді.

Оқулықтың өзіне тән ерекшелігі – оның сараланған тәсілді және құзыреттілікке бағытталған оқытуды жүзеге асыруды ескере отырып құрылуы. Оқулықтағы практикалық бағдарланған материал жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың психологиялық және танымдық ерекшеліктерін ескере отырып таңдалады.

Оқулықтың мазмұнына оқушылардың «Айналадағы әлем», 6-сыныптағы «География» пәндері аясында алдыңғы дайындықтарын ескере отырып, бөлімдер енгізілді. География курсын оқу барысында «Жаратылыстану» (топырақ, пайдалы қазбалар, су ресурстары), «Тарих» (біздің өлкеміздің тарихы), сондай-ақ ана тілі, оқу және тіл дамыту, математика пәндерімен пәнаралық байланыстар орнатылады.

## «ГЕОГРАФИЯ» ОӘК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (7-СЫНЫП)

География – зерде бұзылыстары бар білім алушыларда адамдардың ғаламшары – Жер туралы кешенді, жүйелі және әлеуметтік-бағдарланған түсінікті қалыптастыратын, ғылыми танымның ерекше әдісі ретіндегі аумақтық тәсілдememен таныстыратын дүниетанымдық сипаттағы жаңа оқу пәні. География оқылған материалдың абстракциясының көп болуына, арнайы терминдердің көп болуына, білім алушы-

лардың айналасындағы әлем туралы шектеулі ақпаратқа байланысты зерде бұзылысы бар оқушылар үшін белгілі бір қиындықтар туғызады.

«Қазақстан мен тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің физикалық географиясы» оқу құралы (7-сынып) зерде бұзылысы бар оқушылардың бойында қарапайым, бірақ дұрыс және дәл географиялық білімнің, географиялық мәдениеттің жалпы адам мәдениетінің бір бөлігі ретінде жинақталған жүйесін қалыптастыруды болжайды.

Мұғалім үшін «География» оқу құралы – жаңартылған мазмұн жағдайында сабаққа дайындалу тәсілі және оның ерекшеліктері сипатталған, білім алушылардың оқу қызметін басқару және қойылған міндеттерді іске асыру құралы. Мысалы, мотивация – оқу мақсаты – оқу міндеті – оқу әрекеттері мен операциялары – нәтиже және оның рефлексиясы – бұлардың бәрі география сабақтарында оқулықтың көмегімен әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыруға арналған әрекеттер тізбегі.

7-сыныпқа арналған «Қазақстан мен тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің физикалық географиясы» оқулығының мазмұны қамтитын оқу тақырыптары:

- Физикалық картадағы ТМД шегаралары.
- Арктикалық шөл аймағы.
- Тундра аймағы.
- Орманды аймақ.
- Дала аймағы.
- Шөл және шөлейтті аймақ.
- Субтропикті аймақ.
- Таулы аймақтар.
- Қазақстан табиғаты.

«ТМД елдері физикалық картада» бөлімінде ТМД-ның әлем картасындағы жағдайы, ТМД шекаралары, жер бедерінің ерекшеліктері, пайдалы қазбалар, ірі өзендер мен көлдер туралы ақпарат бар. Сондай-ақ, бұл бөлімде ТМД-ның табиғи аймақтары және оларды картаға орналастыру туралы

ақпарат беріледі. «Арктикалық шөлдер аймағы», «Тундра аймағы», «Орман аймағы», «Дала аймағы», «Шөлдер мен жартылай шөлдер аймағы», «Субтропиктер аймағы», «Таулы аймақтар» бөлімдерін зерделеу нәтижесінде оқушылар табиғи аймақтың географиялық жағдайы, оның жер бедері, климаты және пайдалы қазбалары, су ресурстары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы, ірі қалалары  туралы білім мен түсінік алады. «Қазақстан табиғаты» бөлімінде Отанымыздың табиғаты, халық саны, елдің ірі қалалары туралы айтылады.

Оқулықтағы әр параграф бір сабаққа сәйкес келеді. Мәтіндерде негізгі теориялық және эмпирикалық мәліметтер: географиялық нысандардың сипаттамасы, ұғымдардың анықтамасы, нысандар мен табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстар, негізгі білімді сенімді ашуға көмектесетін ақпараттар қарастырылады.

Оқу ақпараты әртүрлі формада – түсіндірме мәтін, иллюстрациялар, сызбалар, анықтамалық материалдар, географиялық сөздіктер, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар түрінде білім алушылардың оларды орындау тәсілін таңдау мүмкіндігін ескере отырып ұсынылған.

Оқулықтағы иллюстрациялар мотивациялық, тәрбиелік, дамытушылық және эстетикалық функцияларды орындайды. Олар мәтінді көрнекі және бейнелі ете отырып, мәтінге «қызмет етеді», мәтінмен бірдей рөл атқарады (карталар, карта сызбалары).

Күрделіліктің әртүрлі деңгейдегі сұрақтар жүйесі меңгергендерін тексеруге және өзін-өзі тексеруге бағытталған. Географиялық ақпараттың маңызды көзі ретінде карталарға ерекше назар аударылады. Атласта физикалық және кескін карталар берілген.

Әр параграф үш блоктан тұрады:

1. Бағдарлы – білім алушылардың мәтінмен жұмыс істеуге уәждемелік қатысуын болжайды, әрбір параграфтың

алдында зерделенетін ең басты нысанды (Сен ... білетін боласың), білімді өзектендіруге арналған сұрақтарды ерекшелеп көрсетуге мүмкіндік береді.

2. Ақпараттық – мультитәртіптік байланыстарға сүйене отырып, негізгі мазмұнын ашады (географиялық материалды беру шағын бөліктерде, өнімді практикалық қызметті орындау барысында жүзеге асырылады). Иллюстрациялық қатар көрнекілікті қамтамасыз етеді, дерексіздікті жеңілдетеді, қосымша ақпарат береді.

3. Бағалау-рефлексивтік – зерделенгенді қайталауға, бекітуге және рефлексияға бағытталған. Ол «Картамен жұмыс», «Бөлім бойынша қайталауға арналған сұрақтар парағы» айдарлары; сабақ тақырыбы бойынша әртүрлі деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмалар түрінде ұсынылған.

Оқулық құрылымы бастапқы географиялық білімді игеруге ыңғайлы, мұғалімдер мен оқушылардың дербес және бірлескен іс-әрекеттері үшін жағдай жасайды, ата-аналар тарапынан бақылау мүмкіндігін тудырады.

Тақырыптар бойынша білімді бекіту, тексеру үшін тапсырмалар парағы әзірленген. Онда сыныпта да, үй тапсырмаларын орындау кезінде де қолдануға болатын күрделілік деңгейі әртүрлі вариативтік тапсырмалар берілген.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекшеліктеріне бейімделген кескін карталарды, жазбаша тапсырмаларды, кестелерді, сызбаларды, дидактикалық ойындарды, практикалық жұмыстарды қосу мұғалімге сабақты неғұрлым тиімді өткізуге, осы санаттағы білім алушыларға қажетті жеке және сараланған тәсілді жүзеге асыруға, олардың танымдық қызығушылығын дамытуға, оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Жеке тапсырмаларды (сызбалар, кестелер, кескін карталар, ребустар, сөзжұмбақтар және т.б.) мұғалім бүкіл сыныпқа слайд түрінде көрсете алады (мысалы, кескін картамен жұмыс жасау кезінде).

«География» курсын оқыту әдістемесінің негізі жүйелік-белсенділік тәсіл болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі

оқушыларды олардың дамуының ерекшеліктерін ескере отырып әлеуметтендіруге бағдарлау – география мұғалімінің негізгі міндеттерінің бірі. Курстың мазмұны табиғи құбылыстар мен адамның біртұтас әлем ретіндегі іс-әрекетінің кең аясын ұсынады. Білімді игеру барысында оқушылар «Табиғат – адам» және «Адам – Қоғам» жүйесіндегі байланыстардың себеп-салдарларын түсінуге үйренеді. Бұл ретте оқушылар әртүрлі қызмет түрлеріне қосылады:

- бақылау;
- зерттеу жұмысы;
- шығармашылық жұмыс;
- жобалық қызмет;
- практикалық жұмыс;
- нәтижелерді бағалау бойынша әрекет;
- топтарда жұмыс істеу.

Мүмкіндігі шектеулі оқушылар берілген әдістерді жүзеге асыру барысында өз мүмкіндіктерін нақты бағалау және «Мен не үйрендім?», «Мен не істей аламын?», «Мен не үйрене аламын?», «Білімді қайда қолдануға болады?» деген сұрақтарға жауап беру қабілетін дамытады.

Мұғалімге арналған әдістемелік құралда ұсынылғандар:

- Орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар үлгісі – (оған жалпылау сабақтары енгізілмеген, өткен сабақтарға қатысты экскурсияларды, ойын-сауық сабақтарын және т.б. мұғалімнің өзі жоспарлайды).
- 7-сыныптағы оқу үдерісінің жобасына: мақсатты тұжырымдау, үлгілік-диагностикалық бақылау сұрақтары мен тапсырмалар, оқу жетістіктер картасы кіреді.
- Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары (үлгісі).

ОӘК әдістемелік аппараты мұғалімнің тәжірибесінде оқыту стратегияларының әртүрлі арсеналы: заманауи технологиялар, оқушылармен жұмысты ұйымдастырудың әдістерін, формаларын, тәсілдерін және басқа да ресурстарын қолдану мүмкіндігін ескере отырып құрылған.

*1-қосымша*

# Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Пән: География 7-сынып
Барлығы: 72 сағат, аптасына 2 сағат

| № | Бөлім/ ауыспалы тақырып | Сабақ тақырыбы | Оқу мақсаттары | Сағат саны | Мерзімдер | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I тоқсан** | | | | | | |
| 1 | Физикалық картадағы ТМД шегаралары (4 сағ.) | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуы. ТМД-ның құрлықтық және теңіздік шегаралары | 7.2.1.1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылған күнін атау.<br>7.2.1.2. Физикалық картадан ТМД-ның географиялық орналасуын, ТМД-ның құрлық және теңіз шегараларын көрсету. | 1 | | |
| 2 | | ТМД-ның жер бедерінің ерекшеліктері | 7.2.1.2. ТМД жер бедерінің ерекшеліктерін сипаттау.<br>7.2.1.3. Физикалық картадан ірі тауларды, жазықтарды көрсету. | 1 | | |
| 3 | | ТМД-ның ірі өзендері және көлдері | 7.2.1.3. Картадан ТМД ірі өзендері мен көлдерін көрсету. | 1 | | |
| 4 | | ТМД табиғи аймақтарының әртүрлілігі. Табиғи аймақтардың картасы | 7.2.1.4. ТМД-ның табиғи жағдайларының әртүрлілігі туралы жалпы түсініктің болуы;<br>7.2.1.4. ТМД елдеріндегі табиғи аймақтарды атау, олардың картада орналасуын көрсету | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Арктикалық шөлдер аймағы (5 сағ.) | Географиялық жағдайы. Теңіздер және аралдар | 7.2.2.1. Картадан арктика аймағының шекараларын көрсету; арктика аймағының теңіздері мен аралдарын көрсету және атау.<br>7.2.2.2. Кескін картада арктика аймағының шекараларын белгілеу және бояу. | 1 | | |
| 6 | | Климат. Оның табиғи жағдайларға әсері | 7.2.2.3. Арктика аймағының климатын сипаттау, оның табиғи жағдайларға әсерін түсіндіру. | 1 | | |
| 7 | | Арктиканың өсімдіктері мен жануарлар әлемі | 7.2.2.4. Арктика аймағының өсімдіктер мен жануарлар әлемін сипаттау; табиғатты қорғау тәсілдерін атау. | 1 | | |
| 8 | | Арктика аймағының халқы, олардың негізгі шаруашылығы | 7.2.2.5. Арктика аймағының халқын сипаттау, олардың негізгі кәсіптерін атау. | 1 | | |
| 9 | | Солтүстік теңіз жолы | 7.2.2.6. Солтүстік мұзды мұхиттың теңіздерін атау, навигацияның ерекшеліктерін сипаттау; ірі қалалар мен порттарды атау, оларды картада көрсету. Солтүстік теңіз жолын кескін картаға түсіру. | 1 | | |
| 10 | Тундра аймағы (8 сағ.) | Тундраның географиялық жағдайы. Аралдар және түбектер | 7.2.3.1. Картадан тундра аймағының шекараларын көрсету; кескін картада тундра шекараларын белгілеу және бояу; тундра аймағының аралдары мен түбегін атау. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | | Тундраның жер бедері. | 7.2.3.2. Бедерді сипаттау және пайдалы қазбаларды атау. | 1 | | |
| 12 | | Тундра климаты | 7.2.3.3. Тундра климатына сипаттама беру. | 1 | | |
| 13 | | Тундра суқоймалары | 7.2.3.4. Тундра суайдындарына сипаттама беру. | 1 | | |
| 14 | | Тундра табиғатының ерекшеліктері. Тундраның өсімдіктер әлемі | 7.2.3.5. Тундраның өсімдік әлемін сипаттау. | 1 | | |
| 15 | | Тундраның жануарлар әлемі | 7.2.3.6. Тундраның жануарлар әлемін сипаттау. | 1 | | |
| 16 | | Тундра аймағының халқы және олардың негізгі шаруашылығы | 7.2.3.7. Халқына және олардың негізгі шаруашылығына сипаттама беру. | 1 | | |
| 17 | | Тундра қалалары. Тундра табиғатын қорғау | 7.2.3.8. Солтүстіктің экологиялық мәселелерін түсіндіру; тундраның табиғатын қорғау тәсілдерін, тундраның үлкен қалаларын атау. Кескін картаға ірі қалаларды түсіру. | 1 | | |
| 18 | | Өткен тақырыптарды қайталау | | 1 | | |
| **II тоқсан** | | | | | | |
| 19 | Орманды аймақ (10 сағ.) | Орманды аймақтың географиялық жағдайы | 7.2.4.1. Картадан орманды аймақтың шекараларын көрсету; кескін картада орманды аймақтың шекараларын белгілеу және бояу; 7.2.4.2. Бедерді сипаттау және пайдалы қазбаларды атау. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | | Климаты. Орманды аймақтың табиғатының ерекшеліктері. | 7.2.4.3. Орманды аймақ климатына сипаттама беру. | 1 | | |
| 21 | | Өзендер, көлдер, каналдар | 7.2.4.4. Өзен, көл, арналарды атау.<br>7.2.4.5. Картадан орманды аймақтың ірі су нысандарын көрсету. | 1 | | |
| 22 | | Қылқанжапырақты ормандар.<br>Орманды аймақтың өсімдіктер әлемі | 7.2.4.4. Орманды аймақ өсімдік әлемін сипаттау; қылқанжапырақты ормандарды (тайга), аралас және жапырақты ормандарды ажырату. | 1 | | |
| 23 | | Аралас және жапырақты ормандар | 7.2.4.8. Аймақтың аралас және жапырақты ормандарының өсімдіктер әлемін сипаттау. | 1 | | |
| 24 | | Орманды аймақтың жануарлар әлемі | 7.2.4.9. Орманды аймақтың жануарлар әлемін сипаттау; терісі бағалы аңдарға сипаттама беру; орман жануарларының бірі туралы әңгіме құрастыру. | 1 | | |
| 25 | | Орманды аймақтың халқы, олардың негізгі шаруашылығы | 7.2.4.10. Орманды аймақтың халқын және оның негізгі кәсіптері: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығын сипаттау. | 1 | | |
| 26 | | Орман шаруашылығы, аңшылық, балық аулау кәсібі | 7.2.4.11. Орман шаруашылығы. Аңшылық, балық аулауды сипаттау. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 27 | | Орманды аймақтың қалалары | 7.2.4.11. Орманды аймақтың ірі қалаларын кескін картаға салу. | 1 | | |
| 28 | | Ормандарды қорғау. | 7.2.4.18. Ормандағы тәртіп ережелерін атау; орманды қорғау қажеттілігін негіздеу. | 1 | | |
| 29 | Дала аймағы (8 сағ.) | Географиялық жағдайы | 7.2.5.1. Картадан далалы аймақтың шегараларын көрсету; кескін картада далалы аймақтың шегараларын белгілеу және бояу. | 1 | | |
| 30 | | Дала аймағының жер бедері. | 7.2.5.2. Жер бедері мен пайдалы қазбалардың ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 31 | | Дала аймағының климаты. Өзендер. Сумен қамту мәселесі | 7.2.5.3. Климатты сипаттау; өзендерді атау және сумен қамту мәселелерін түсіндіру. | 1 | | |
| 32 | | Дала аймағы табиғатының ерекшеліктері. Дала аймағының өсімдіктер әлемі. | 7.2.5.4. Дала өсімдіктерінің гербарийіне сүйене отырып, дала өсімдіктер әлемінің ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 33 | | Дала аймағының жануарлар әлемі | 7.2.5.5. Суреттерге сүйене отырып, дала жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 34 | | Өткен тақырыптарды қайталау | | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **III тоқсан** | | | | | | |
| 35 | | Дала аймағының халқы және олардың негізгі шаруашылығы | 7.2.5.6. Далалы аймақтың халқын және оның негізгі кәсіптері: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығын сипаттау. | 1 | | |
| 36 | | Дала аймағының қалалары | 7.2.5.7. Далалы аймақтың ірі қалаларын атау, оларды кескін картада белгілеу. | 1 | | |
| 37 | | Дала аймағының табиғатын қорғау | 7.2.5.9. Далалы аймақтың табиғатын қорғау қажеттілігін негіздеу. | 1 | | |
| 38 | Шөлейт және шөл аймағы (6 сағ.) | Географиялық жағдайы. Жер бедері және пайдалы қазбалар | 7.2.6.1. Картадан шөлдер мен шөлейтті аймақ шегараларын көрсету; кескін картада шөлдер мен шөлейтті аймақтың шегараларын белгілеу және бояу.<br>7.2.6.2. Жер бедері мен пайдалы қазбалардың ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 39 | | Шөлейт және шөл аймағының климаты | 7.2.6.3. Климатқа сипаттама беру; өзендерді атау және сумен қамту мәселелерін түсіндіру. | 1 | | |
| 40 | | Шөл даланың өсімдіктер әлемі | 7.2.6.4. Өсімдіктердің гербарийіне сүйене отырып, шөлдің өсімдік әлемінің ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 41 | | Шөл даланың жануарлар әлемі | 7.2.6.5. Суреттерге сүйене отырып, шөлдердің жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 42 | | Шөл аймағының халқы және олардың негізгі шаруашылығы | 7.2.6.6. Шөлді аймақтың халқын және олардың негізгі кәсіптерін сипаттау. | 1 | | |
| 43 | | Шөл аймағының қалалары. Табиғатты қорғау | 7.2.6.1. Шөлді аймақтың ірі қалаларын атау, оларды картадан көрсету; кескін картаға түсіру. | 1 | | |
| 44 | Субтропиктік аймақ (4 сағ.) | Географиялық жағдайы. Субтропикті аймақтың табиғат ерекшеліктері. | 7.2.7.1. Картадан субтропикті аймақтың шегараларын көрсету; кескін картада субтропикті аймақтың шегараларын белгілеу және бояу.<br>7.2.7.2. Жер бедері мен климатының ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 45 | | Субтропиктердің өсімдіктері мен жануарлар әлемі | 7.2.7.3. Субтропиктердің өсімдік әлемінің ерекшеліктерін сипаттау;<br>7.2.7.4. Субтропиктердің жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 46 | | Субтропиктік аймақтың халқы және олардың шаруашылығы | 7.2.7.5. Халқына және олардың негізгі кәсіптеріне сипаттама беру. | 1 | | |
| 47 | | Субтропикті аймақтың курорттық қалалары. Табиғатты қорғау | 7.2.7.6. Картадан субтропиктердің курорттық қалаларын атау және көрсету; ірі қалаларды кескін картаға түсіру.<br>7.2.7.7. Субтропиктердің табиғатын қорғаудың маңыздылығы мен тәсілдері туралы айту. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 48 | 2.8. Таулы аймақтар (6 сағ.) | Географиялық жағдайы. Жер бедері. Пайдалы қазбалар | 7.2.8.1. Картадан таулы аймақтардың орналасқан жерін көрсету.<br>7.2.8.2. Кескін картада таулы аймақтың шегарасын белгілеу.<br>7.2.8.3. Жер бедерін сипаттап, таулы аймақтың пайдалы қазбаларын атау. | 1 | | |
| 49 | | Таулы аймақтардың климаты | 7.2.8.4. Биіктік белдеуін сипаттау.<br>7.2.8.5. Климаттың ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 50 | | Таулы аймақтардың өсімдіктер әлемі | 7.2.8.6. Таулы аймақтың өсімдік әлемінің ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 51 | | Таулы аймақтардың жануарлар әлемі | 7.2.8.6. Таулы аймақтың жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 52 | | Халқы және олардың негізгі шаруашылығы | 7.2.8.7. Таулы аймақтың халқына және олардың негізгі кәсіптеріне сипаттама беру. | 1 | | |
| 53 | | Қалалар. Таулы аймақтардың табиғатын қорғау. Қорықтар | 7.2.8.8. Таулы аймақтың табиғатын қорғаудың маңыздылығын, қорықтардың міндеттерін негіздеу.<br>7.2.8.10. Таулы аймақтың ірі қалаларын атау. | 1 | | |
| 54 | | Өткен тақырыптарды қайталау | | 1 | | |
| | | | **IV тоқсан** | | | |
| 55 | 2.9. Қазақстан табиғаты (15 сағ.) | Қазақстан – менің Отаным. Тәуелсіз мемлекеттің құрылуы. | 7.2.9.1. Физикалық картадан Қазақстанның географиялық орналасуын көрсету. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 56 | | Қазақстан физикалық және саяси картада | 7.2.9.2. Кескін картада Қазақстанның шегараларын белгілеу. | 1 | | |
| 57 | | Жер бедердің негізгі пішіндері. Жазықтар. | 7.2.9.3. Қазақстан жер бедерінің ерекшеліктерін сипаттау; бедердің табиғатқа әсерін түсіндіру. | 1 | | |
| 58 | | Қазақстан таулары | 7.2.9.3. Қазақстанның жер бедерінің ерекшеліктерін сипаттау. | 1 | | |
| 59 | | Жер бедерінің табиғатқа, шаруашылыққа және адам өміріне әсері | 7.2.9.3. Жер бедерінің шаруашылық қызмет пен адамдардың өміріне әсерін түсіндіру. | 1 | | |
| 60 | | Пайдалы қазбалардың маңызды кен орындары | 7.2.9.4. Картадан пайдалы қазбалардың маңызды кен орындарын атау және көрсету. | 1 | | |
| 61 | | Қазақстан климатының ерекшеліктері. | 7.2.9.5. Қазақстанның климаттық жағдайларын, оның аумақтық айырмашылықтарын сипаттау; жергілікті жағдайлардың қалыптасуына және адамдардың денсаулығына әсері. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 62 | | Қазақстан ішкі суларының ерекшеліктері. Республика аумағы бойынша өзендердің бөлінуі. Өзен және көлдерді шаруашылықта пайдалану. Суды қорғау. | 7.2.9.6. Қазақстанның ішкі суларының ерекшеліктерін сипаттау; Қазақстан аумағы бойынша өзендердің бөлінуін сипаттау, шаруашылықта өзендер мен көлдерді пайдалану туралы, су көздерін қорғау туралы айту. | 1 | | |
| 63 | | Өсімдіктердің алуан түрлілігі. | 7.2.9.7. Қазақстанның өсімдіктер әлемінің ерекшеліктерін сипаттау; өсімдіктердің адам өміріндегі маңызын түсіндіру; Қазақстан өсімдіктерінің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін атау; өсімдіктерді қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. | 1 | | |
| 64 | | Қазақстанның жануарлар әлемі. | 7.2.9.8. Қазақстан жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау; жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын түсіндіру; жануарлар әлемін қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. | 1 | | |
| 65 | | Қазақстанның табиғи аймақтары: орманды дала, дала. | 7.2.9.9. Картадан Қазақстанның табиғи аймақтары: орманды дала, даланы атау және көрсету, табиғи жағдайларды сипаттау. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 66 | | Қазақстанның табиғи аймақтары: шөлді және таулы аймақ. | 7.2.9.9. Қазақстанның табиғи аймақтары: шөлді, таулы аймақтарды атау және картадан көрсету, табиғи жағдайларды сипаттау. | 1 | | |
| 67 | | Қазақстан халқы | 7.2.9.10. Республика халқына сипаттама беру; Қазақстан аумағында тұратын ұлттар мен ұлыстарды атау; халықтардың кейбір дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын атау. | 1 | | |
| 68 | | Қазақстан қалалары. Көрікті жерлері | 7.2.9.11. Қазақстанның астанасын, Қазақстанның үлкен қалаларын, елдің ғылыми, мәдени және өнеркәсіптік орталықтарын атау. | 1 | | |
| 69 | | Табиғатты қорғау. Қорықтар | 7.2.9.9. Картадан Қазақстанның табиғи аймақтарын атау және көрсету: орманды, далалық, шөл, таулы. | 1 | | |
| 70 | | Өткен тақырыптарды қайталау | | 1 | | |
| 71 | Курсты қайталау (2 сағ.) | ТМД-ның табиғи аймақтары | 7.2.10.1. ТМД-ның табиғи аймақтарын қайталау. Сипаттамасы бойынша табиғи аймақты анықтай білу. | 1 | | |
| 72 | | Жергілікті жер табиғаты | 7.2.10.2. Өз өлкесінің табиғатын сипаттай білу. | 2 | | |

*2-қосымша*

## «География» пәні бойынша оқыту үдерісінің жобасы
## «Физикалық картадағы ТМД-ның шегаралары» бөлімшесі бойынша технологиялық карта

| **Сабақ саны** | | **4** |
|---|---|---|
| **Оқу мақсаттары** (күтілетін нәтижелер) | | |
| **Күрделіліктің төмен деңгейі** | **Күрделіліктің орташа деңгейі** | **Күрделіліктің жоғары деңгейі** |
| 1. Тәуелсіз Мемлекеттер достастығының (ТМД) құрылған күнін атау.<br>2. Физикалық картадан ТМД-ның географиялық орналасуын, ТМД-ның құрлық және теңіз шегараларын көрсету.<br>3. ТМД бедерінің ерекшеліктерін сипаттау.<br>4. Физикалық картадан ірі тауларды, жазықтарды көрсету; пайдалы қазбалардың ірі кен орындарын, оларды шаруашылықта пайдалану мысалдарын келтіру.<br>5. Картада ірі өзендер мен көлдерді көрсету, оларды шаруашылықта пайдалану мысалдарын келтіру, су қоймаларының ластану көздерін атау. | 1. Тәуелсіз Мемлекеттер достастығының (ТМД) құрылған күнін атау.<br>2. Физикалық картадан ТМД-ның географиялық орналасуын, ТМД-ның құрлық және теңіз шегараларын көрсету.<br>3. ТМД бедерінің ерекшеліктерін сипаттау.<br>4. Физикалық картадан ірі тауларды, жазықтарды көрсету; пайдалы қазбалардың ірі кен орындарын, оларды шаруашылықта пайдалану мысалдарын келтіру.<br>5. Картада ірі өзендер мен көлдерді көрсету, оларды шаруашылықта пайдалану мысалдарын келтіру, су қоймаларының ластану көздерін атау. | 1. Тәуелсіз Мемлекеттер достастығының (ТМД) құрылған күнін атау.<br>2. Физикалық картадан ТМД-ның географиялық орналасуын, ТМД-ның құрлық және теңіз шегараларын көрсету.<br>3. ТМД бедерінің ерекшеліктерін сипаттау.<br>4. Физикалық картадан ірі тауларды, жазықтарды көрсету; пайдалы қазбалардың ірі кен орындарын, оларды шаруашылықта пайдалану мысалдарын келтіру.<br>5. Картада ірі өзендер мен көлдерді көрсету, оларды шаруашылықта пайдалану мысалдарын келтіру, су қоймаларының ластану көздерін атау. |

<table>
<tr><td>6. ТМД-ның табиғи жағдайларының әртүрлілігі туралы жалпы түсініктің болуы.<br>7. ТМД елдеріндегі табиғи аймақтарды атау, олардың картада орналасуын көрсету.</td><td>6. ТМД-ның табиғи жағдайларының әртүрлілігі туралы жалпы түсініктің болуы.<br>7. ТМД елдеріндегі табиғи аймақтарды атау, олардың картада орналасуын көрсету.</td><td>6. ТМД-ның табиғи жағдайларының әртүрлілігі туралы жалпы түсініктің болуы.<br>7. ТМД елдеріндегі табиғи аймақтарды атау, олардың картада орналасуын көрсету.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Сөйлесу-коммуникативтік қызметі. Сұрақтарға жауап беру, диалог пен әңгімелесуге қатысу. Жоспар, сызба бойынша сипаттау-әңгімесін құрастыру.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Сөздер және сөз тіркестері. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Қазақстанның Тәуелсіздік күні, физикалық карта, географиялық мәліметтер, құрлық шегаралары, теңіз шегаралары, аумақ, алаң, шегара белгілері, дипломатиялық қатынастар, бедер, табиғи аймақтар, жазық, ойпат, таулар, су ресурстары, су тасқыны.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Оқу-практикалық қызметті ұйымдастыру мәдениеті. «География» сабағында тәртіп ережелерін, сөйлеу этикетінің ережелерін білу және сақтау. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелерін сақтау. Ұжымдық іс-әрекетте, жұптық жұмыс жасауда достық қарым-қатынасты көрсету.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Практикалық қызмет. Оқулықпен, атласпен танысу, кескін карталарда тапсырмаларды орындау.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Пәнаралық байланыстар. «География» пәні бойынша білімді оқу, практикалық және тұрмыстық міндеттерді шешу үшін қолдану. Жаратылыстану (жауын-шашын, топырақ, су қоймалары). Математика (температура, биіктік, ен өлшеу). Оқу және тіл дамыту (жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ырымдар). Қазақ тілі.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Құрал-жабдықтар. Оқулық, атлас, кескін карталар, сызбалар, жаңа сөздер жазылған тақтайшалар, жеке тапсырмалары бар карталар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, бейне және аудио материалдар, презентациялар. Интернет қор:<br>https://encyclopedia.kz/sample-page/ (Казахстанская энциклопедия) (Қазақстан энциклопедиясы)</td></tr>
</table>

## «Физикалық картадағы ТМД-ның шегаралары» бөлімшесі бойынша үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Тапсырма мазмұны</th></tr>
<tr><th colspan="2">Күрделіліктің төмен деңгейі</th></tr>
<tr><td>1. ТМД-ның құрлықтық және теңіздік шегараларын атау.</td><td>Физикалық және саяси карталарды пайдалана отырып, ТМД аумағының жағалауын шайып жатқан теңіз атауларын жаз (сөздік сөздер).
<table>
<tr><td>Солтүстік мұзды мұхит теңіздері</td><td>Тынық мұхит теңіздері</td><td>Атлант мұхит теңіздері</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>2. ТМД-ның ірі таулары мен жазықтарының физикалық картадағы орналасуын білу.</td><td>Физикалық картаның түстері бойынша жер бедерінің пішінін анықта.<br>Тянь-Шань – ______<br>Шығыс Еуропа ______<br>Памир – ______<br>Орта Сібір – ______<br>Батыс Сібір – ______<br>Алтай – ______<br>Кавказ – ______</td></tr>
<tr><td>3. ТМД-ның ірі өзендері мен көлдерін білу, оларды картадан таба алу.</td><td>Кестені толтыр.
<table>
<tr><td>ТМД өзендері</td><td>ТМД көлдері</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table></td></tr>
</table>

<table>
<tr><th colspan="2">Күрделіліктің орташа деңгейі</th></tr>
<tr><td>1. Физикалық картадан ТМД-ның географиялық орналасуын, ТМД-ның құрлық және теңіз шегараларын атау және көрсету.</td><td>ТМД-ның саяси картасын пайдалана отырып, артық сөздерді (ТМД-мен ортақ құрлықтық шегарасы жоқ елдердің аты) тап және астын сыз.<br>Германия, Түркия, Швеция, Моңғолия, Польша, Иран, Франция, Корея, Қытай, Жапон.</td></tr>
<tr><td>2. Физикалық картадан ірі тауларды көрсету, олардың шыңдарын атау.</td><td>Сәйкестендір.
<table>
<tr><th>Таулар</th><th></th><th>Шыңдар</th></tr>
<tr><td>Кавказ</td><td></td><td>Победа шыңы</td></tr>
<tr><td>Памир</td><td></td><td>Мұзтау тауы</td></tr>
<tr><td>Алтай</td><td></td><td>Коммунизм шыңы</td></tr>
<tr><td>Тянь-Шань</td><td></td><td>Эльбрус тауы</td></tr>
</table>
Оларды физикалық картадан көрсет.</td></tr>
<tr><td>3. Физикалық картадан ірі өзендердің орналасуын білу, олардың бөлінуін су бассейндері бойынша анықтай алу.</td><td>Кестені толтыр.
<table>
<tr><th>Солтүстік мұзды мұхит бассейні</th><th>Тынық мұхит бассейні</th><th>Ішкі ағын бассейні</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td></tr>
</table>

<table>
<tr><th colspan="2">Күрделіліктің жоғары деңгейі</th></tr>
<tr><td>1. ТМД географиялық орналасуының сипаттамасын жасай білу , ТМД құрлық және теңіз шегараларын атау және көрсету.</td><td>1. Түсіп қалған сөздерді жаз.<br>ТМД аумағы ________________ материгінде, ___________ және ___________ екі бөлігінде орналасқан. ТМД _____________ және ___________________ шегаралары бар. Теңіз шегаралары _________________, ___________ теңіздері мен __________________ мұхитының жағалауымен өтеді. ТМД құрлығы _________________________________ ________________________________________________________ шектеседі.</td></tr>
<tr><td>2. Пайдалы қазбалардың ірі кен орындарын және жер бедерінің пішіндерін физикалық карта бойынша анықтау және салыстыра білу, оларды шаруашылықта пайдалану мысалдарын келтіре білу.</td><td>1. Кестені толтыр. Қазақстанның физикалық картасы мен пайдалы қазбалар картасын қолдан.<br><table><tr><th>Жер бедерінің пішіні</th><th>Пайдалы қазбалар</th><th>Шаруашылықта қолданылуы</th></tr><tr><td>Батыс Сібір жазығы</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Шығыс Еуропа жазығы</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Алтай</td><td></td><td></td></tr></table></td></tr>
<tr><td>3. Жоспар бойынша су қоймасының сипаттамасын жасай білу, шаруашылықта қолдануға мысалдар келтіру, су айдындарының ластану көздерін атай білу.</td><td>Жоспар сұрақтары бойынша Еділ өзенін сипатта.<br>Жоспар<br>1. Қайдан бастау алады?<br>2. Қай жерлермен ағып өтеді?<br>3. Қайда құяды?<br>4. Адамдар қалай пайдаланады?<br>5. Өзендердің ластану көздерін ата.</td></tr>
</table>

## Оқушының «Физикалық картадағы ТМД-ның шегаралары» бөлімшесі бойынша оқу жетістігінің картасы

| **Күрделіліктің төмен деңгейі** | **Орындалғаны туралы белгі** |
|---|---|
| 1. ТМД-ның құрлықтық және теңіздік шекараларын атайды. | |
| 2. ТМД-ның ірі таулары мен жазықтарының физикалық картадағы орналасқан жерін біледі. | |
| 3. ТМД-ның ірі өзендері мен көлдерін біледі, оларды картадан табады. | |
| **Күрделіліктің орта деңгейі** | |
| 1. ТМД-ның физикалық картадағы географиялық орнын, ТМД-ның құрлықтық және теңіздік шекараларын атайды және көрсетеді. | |
| 2. Физикалық картада үлкен тауларды көрсетеді, олардың шыңдарын атайды. | |
| 3. Ірі өзендердің физикалық картада орналасуын білу, олардың су бассейндері бойынша таралуын анықтай білу. | |
| **Күрделіліктің жоғары деңгейі** | |
| 1. ТМД-ның физикалық картадағы географиялық орнын сипаттайды, ТМД-ның құрлықтық және теңіздік шекараларын атайды және көрсетеді. | |
| 2. Пайдалы қазбалардың ірі кен орындарын және жер бедерінің нысандарын физикалық карта бойынша анықтай және салыстыра біледі, оларды шаруашылықта пайдалану мысал келтіреді. | |

## «Арктикалық шөлдер аймағы» бөлімшесі бойынша технологиялық карта

| **Сабақ саны** | | **5** |
|---|---|---|
| **Күтілетін мақсаттар** (күтілетін нәтижелер) | | |
| **Күрделіліктің төмен деңгейі** | **Күрделіліктің орташа деңгейі** | **Күрделіліктің жоғары деңгейі** |
| 1. Картадан арктика аймағының шегараларын көрсету; арктика аймағының теңіздері мен аралдарын көрсету және атау.<br>2. Кескін картада арктикалық аймақтың шегараларын белгілеу және бояу.<br>3. Арктикалық аймақтың климатын сипаттау, оның табиғи жағдайларға әсерін түсіндіру.<br>4. Арктикалық аймақтың өсімдіктер мен жануарлар әлемін сипаттау; табиғатты қорғау тәсілдерін атау.<br>5. Арктика аймағының халқына сипаттама беру, олардың негізгі кәсіптерін атау.<br>6. Солтүстік мұзды мұхит теңіздерін атау, навигацияның ерекшеліктерін сипаттау; кескін картасына Солтүстік теңіз жолын түсіру. | 1. Картадан арктика аймағының шегараларын көрсету; арктика аймағының теңіздері мен аралдарын көрсету және атау.<br>2. Кескін картада арктикалық аймақтың шегараларын белгілеу және бояу.<br>3. Арктикалық аймақтың климатын сипаттау, оның табиғи жағдайларға әсерін түсіндіру.<br>4. Арктикалық аймақтың өсімдіктер мен жануарлар әлемін сипаттау; табиғатты қорғау тәсілдерін атау.<br>5. Арктика аймағының халқына сипаттама беру, олардың негізгі кәсіптерін атау.<br>6. Солтүстік мұзды мұхит теңіздерін атау, навигацияның ерекшеліктерін сипаттау; кескін картасына Солтүстік теңіз жолын түсіру. | 1. Картадан арктика аймағының шегараларын көрсету; арктика аймағының теңіздері мен аралдарын көрсету және атау.<br>2. Кескін картада арктикалық аймақтың шегараларын белгілеу және бояу.<br>3. Арктикалық аймақтың климатын сипаттау, оның табиғи жағдайларға әсерін түсіндіру.<br>4. Арктикалық аймақтың өсімдіктер мен жануарлар әлемін сипаттау; табиғатты қорғау тәсілдерін атау.<br>5. Арктика аймағының халқына сипаттама беру, олардың негізгі кәсіптерін атау.<br>6. Солтүстік мұзды мұхит теңіздерін атау, навигацияның ерекшеліктерін сипаттау; кескін картасына Солтүстік теңіз жолын түсіру. |

| |
|---|
| **Сөйлесу-коммуникативтік қызметі**. Сұрақтарға жауап беру, диалог пен әңгімелесуге қатысу. Жоспар, сызба бойынша сипаттау-әңгімесін құрастыру. |
| **Сөздер және сөз тіркестері**. Арктикалық аймақ, Арктика, физикалық карта, табиғи аймақтар, географиялық мәліметтер, айсберг, дрейфтеу, климат, поляр күні, поляр түні, поляр шұғыласы, қатал жағдайларға бейімделген, планктон, табиғатқа келген зиян, халық, метеорологтар, синоптиктер, мұхит зерттеушілері, Солтүстік теңіз жолы, навигация. |
| **Оқу-практикалық қызметті ұйымдастыру мәдениеті**. «География» сабағында тәртіп ережелерін, сөйлеу этикетінің ережелерін білу және сақтау. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелерін сақтау. Ұжымдық іс-әрекетте, жұптық жұмыс жасауда достық қарым-қатынасты көрсету. |
| **Практикалық қызмет**. Оқулықпен, атласпен жұмыс, кескін карталарда тапсырмаларды орындау. |
| **Пәнаралық байланыстар**. «География» пәні бойынша білімді оқу, практикалық және тұрмыстық міндеттерді шешу үшін қолдану. Жаратылыстану (жауын-шашын, топырақ, суқоймалары). Математика (температура, биіктік, ен өлшеу). Оқу және тіл дамыту (жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ырымдар). Қазақ тілі (сөздік сөздер). |
| **Құрал-жабдықтар**. Оқулық, атлас, кескін карталар, сызбалар, жаңа сөздер жазылған тақтайшалар, жеке тапсырмалары бар карталар, дидактикалық және иллюстрациялық материалдар, бейне және аудио материалдар, презентациялар. Интернет қор:<br>https://encyclopedia.kz/sample-page/ (Казахстанская энциклопедия) (Қазақстан энциклопедиясы) |

## «Арктикалық шөл аймағы» бөлімшесі бойынша үлгілік бақылау сұрақтары мен тапсырмалары

<table>
<tr><th>Бағалау критерийлері</th><th>Тапсырма мазмұны</th></tr>
<tr><td colspan="2">Күрделіліктің төмен деңгейі</td></tr>
<tr><td>1. Картадан арктика аймағының шегараларын көрсету; арктика аймағының теңіздері мен аралдарын атау.</td><td>Кестені толтыр.<table><tr><td>Солтүстік мұзды мұхит теңіздері</td><td>Арктикалық шөл аймағының аралдары мен түбектері</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td></tr>
<tr><td>2. Арктика аймағының өсімдік және жануарлар әлемін сипаттау.</td><td>Мұғалім жануарлар (морж, итбалық, сытқы, кит, белуха, ақүрпек) суреті бар карточкалар дайындайды.<br>Тапсырма: Арктика аймағының жануарларын жаз.<br>____________ ____________ ____________</td></tr>
<tr><td>3. Арктика халқы және олардың негізгі кәсіптерін білу.</td><td>Тұжырымдама дұрыс болу үшін сәйкес сөздерді таңда.<br>Арктикада ... .<br>а) тұрақты халық жоқ<br>б) тұрақты халық бар<br>Адамдар Арктикада … айналысады.<br>а) мал өсірумен<br>б) балық аулаумен<br>в) пайдалы қазба өндірумен<br>г) астық өсірумен<br>д) ғылыми зерттеумен</td></tr>
</table>

<table>
<tr><th colspan="2">Күрделіліктің орташа деңгейі</th></tr>
